КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

4 қыркүйек 2025 жыл іс №7119-25-00-2-9087 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.С.Нурсапинов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Ақпараттық-өндірістік орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Ару» Исабаев Серик Тилеубекович жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Ақпараттық-өндірістік орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер ЖК «Ару» Исабаев Серик Тилеубековичке мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Ару» Исабаев Серик Тилеубекович ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

ЖК «Ару» Исабаев Серик Тилеубековичтен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Ақпараттық-өндірістік орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның пайдасына 319 (үш жүз он тоғыз) теңге тұрақсыздық айыппұл және сот шығындары 10 (он) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

ЖК «Ару» Исабаев Серик Тилеубековичтен мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Н.С.Нурсапинов**

Құжатқа қол қойылған: Нурсапинов Н. С., 04.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.10.2025, судья Нурсапинов Н. С., 15.10.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

7119-25-3-1/9011